

"Инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылау жасаудың тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 6 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 401. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

3) "Инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылау жасаудың тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 28 наурыздағы N 6 қаулысы (1997 жылғы 15 қазан N 401)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылау жасаудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н
И н в е с т и ц и я л а р
м е м л е к е т т і к

Р е с п у б л и к а с ы
ж ө н і н д е г і
к о м и т е т і н ің

бекітілген

**Инвестициялық жобалардың іске асырылуына
бақылау жасаудың тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

Осы Нұсқаулық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және оны орындау үшін әзірленді және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен (бұдан әрі - Комитет) бекітілген инвесторлардың (бұдан әрі - Инвестор) арасында жасалған келісім-шарттар бойынша инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылау жасаудың тәртібін айқындайды.

**1. Инвестициялық жобалардың іске асырылуына
бақылау жасаудың мақсаты**

1.1. Бақылау деп Комитеттің "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітіліп берілген өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруы ұғылады.

1.2. Бақылаудың мақсаты:

- инвестициялық жобаларды іске асыру процесінде Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау;
- инвестордың келісім-шартта бекітілген міндеттемелерін атқаруының дұрыстығы мен толықтығын тексеру;
- инвестордың келісім-шарт бойынша берілген жеңілдіктер мен преференцияларды пайдалануының дұрыстығын тексеру болып табылады.

**2. Комитеттің инвестициялық жобалардың іске асырылуына
бақылау жасау жөніндегі өкілеттіктері**

Инвестициялық жобалардың іске асырылуына бақылау жасау үшін Комитет мынадай құқықтарға ие:

2.1. инвестордың инвестициялық жобаға қатысты заңдық, бухгалтерлік, техникалық және өзге де құжаттамасын тексеруге;

2.2 инвестордан осы нұсқаулықтың 3-бөліміне сәйкес келісім-шарттың іске асырылуының барысы туралы есепті талап етуге;

2.3. инвестордан тексерістер процесінде табылған жолсыздықтарда түзетуді талап етуге;

2.4. келісім-шарттың іске асырылуына қатысты қосымша кезкелген ақпаратты талап етуге;

2.5. келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзушы инвесторға осы нұсқаулықтың 4-бөлімінде көрсетілген ықпал ету шараларын қолдануға;

2.6. бақылау функцияларын атқару процесінде тиісті мемлекеттік органдарды

т а р т у ғ а ;

2.7. министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан Комитеттің келісім-шартты іске асырылуына байланысты қаулыларын міндетті түрде атқаруын талап етуге.

3. Инвестордың есеп беруі

3.1. Инвестор тоқсан сайын, тоқсаннан кейінгі айдың 20-ынан кешіктірмей, не келісім-шартта көзделген басқа мерзімде Комитет белгілеген және келісім-шартта көзделген нысан бойынша келісім-шарттың іске асырылу барысы туралы есеп тапсырады .

3.2. Инвестор жыл сайын 1 наурызға дейін Комитетке өткен жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындымен расталған есеп тапсыруға міндетті.

3.3. Инвестор өзінің міндеттемелерін орындауы мүмкін емес жағдайда бір ай мерзімде Комитетке міндеттемелерін атқаруға кедергі келтіруші себептер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

3.4. Инвестордың келісім-шарт бойынша міндеттемелерін қандай да болмасын бұзушылықтары анықталған жағдайда Комитет инвесторға анықталған жолсыздықтар туралы көрсетеді және оларды жоюдың мерзімдерін белгілейді.

4. Инвесторға қолданылатын ықпал ету шаралары

4.1. Комитеттің инвесторға қолданатын ықпал ету шаралары:

- инвестордың нақты жолсыздықтары мен оны жою үшін қажет мерзімді көрсетіп өзіне қабылдаған міндеттемелерін бұзғаны туралы ескерту;
- келісім - ш а р т т ы б ұ з у .

4.2. Комитет инвесторға ықпал ету шараларын мынадай жағдайларда қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы :

4.2.1. инвестор Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғанда;

4.2.2. инвестор келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғанда;

4.2.3. инвестор есеп беру мерзімдерін бұзғанда;

4.2.4. тапсырылған есептер Комитет бекіткен, немесе келісім-шартта көзделген нысанға сәйкес келмегенде;

4.2.5. инвестор Комитетке тапсырған кез келген мәліметте елеулі фактілерді бұрмалағанда немесе жасырғанда.

5. Дауларды шешу

5.1. Комитеттің инвестициялық жобаның іске асырылуына бақылау жасауына байланысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер жолымен шешіледі.

5.2. Егер келіссөздер процесінде Комитет пен инвестор келісімге келмесе, дау келісім-шартта белгіленген рәсімдерге сәйкес шешіледі.

